



Екпелер және әлемдік конфессиялар

Ислам, христиан және басқа діндер
вакцинацияға қалай қарайды?



Ақпарат ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің көмегімен дайындалған, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) келісілген.


Басылым тегін таратылады. Есептен алынған ақпаратты қайта басқан, дәйексөз келтірген немесе өзгеше пайдаланған жағдайда осы басылымға сілтеме жасау міндетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ.,
Бейбітшілік к-сі, 10-А үй, блок 1
Тел.: +7 (7172) 32-17-97, 32-29-69, 32-62-06, 32-28-78
www.unicef.org/kazakhstan
www.unicef.org

Вакцинация мен дін арасында қандай байланыс бар?

Вакцинациядан бас тарту статистикасы бойынша «діни наным-сенімдер» барлық себептер арасында «жеке наным-сенімдерден» кейін екінші орында тұр.

2022 жылдың 1 қаңтарындағы ахуал бойынша Қазақстанда профилактикалық екпелерден бас тартудың 28 мыңнан астам жағдайы тіркелген. Бұл жинақ статистика 2013 жылдан бері жүргізіліп келеді.



Біз вакцинация кезінде туындайтын негізгі сұрақтарды талдаймыз:

- екпелер Құдай тапсырған аманат-парызға қайшы ма;
- екпелер ауруға дейін алынатындықтан, олар емдеу тұжырымдамасымен қаншалықты үйлеседі;
- вакцина құрамында дін тыйым салған заттар болса не істейміз.

Вакцинация тарихы: көне заманнан біздің заманымызға дейін

Вакцинация жаңа заманда ойлап табылған, сондықтан діни көне қағидаларға қайшы келеді деген пікір қалыптасқан. Шындығында діндер тарихы ғасырлар бойы медицинамен және вакцинологиямен қоян-қолтық келе жатыр.


Түрлі індеттер тек қалаларды ғана емес, тұтастай мемлекеттерді жайпап жатқанда дәрігерлер ежелден бері жұқпалы аурулармен күресудің жолдарын табуға тырысқан. Мысалы, ғалымдар мен зерттеушілердің пікірінше Алтын Орданың ыдырауының басты себептерінің бірі оба болған.




Вариоляция — табиғи шешекке қарсы екпе жүргізудің алғашқы әдістерінің бірі. Шешекпен жеңіл түрде ауыратын науқастың денесіндегі бөртпелерінің бөліндісі иммунитет қалыптастыру үшін сау адамға енгізілген.

Вариоляция туралы алғашқы ақпарат сонау 700-800 жылдары үнді және парсы ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Қазақстан аумағында шешекке қарсы алғашқы вакцинаны 15 ғасырда халық емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы жасап шығарды.

Әлемдік вакцинация тарихы туралы көбірек деректер egu.kz сайтында




Қазақстан аумағындағы
вакцинология тарихы
туралы толығырақ —
<https://ekpebar.baribar.kz/>



Ислам вакцинацияға қалай қарайды?

«Ақиқатында Алла Тағала Өзі жаратқан аурудың шипасын да қоса жаратты. Шипа іздеңдер!»
— деп үндеген Мұхаммад пайғамбар ﷺ (хадис Әнастан)



Құран мен Аса таза сүннет, сондай-ақ басқа әлемдік діндердің қасиетті кітаптары жаратылған кезде вакцинация әлі ойлап табылған жоқ еді. Дегенмен, хадистер — Сүннетте баяндалған Мұхаммад пайғамбардың ﷺ сөздері мен әрекеттері туралы риуаяттар бұл мәселенің ара-жігін ажыратуға көмектеседі.

«Алдымен түйеңді байла, содан кейін барып Аллаға тәуекел ет».
(Сунан ат-Тирмизи) — бұл хадис қолымыздан келгеннің бәрін жасаудың қаншалықты маңызды екенін айтады.

Бұхари жазып алған тағы бір хадисті әдетте дін ғалымдары аурулардың алдын алуға рұқсат, демек, вакцинация қолдануға рұқсат деп түсіндіреді.

«Күн сайын таңертең тамақтың алдында жеті әжуа құрма жейтін адамға удың да, сиқырдың да зарары тимейді».

Вакцина арқылы алдын алуды қауіпті аурулармен күресу әдісі ретінде мұсылмандар алғашқылардың бірі болып енгізе бастады.



Парсы ғалымы әрі дәрігері Әбу Бәкір әр-Рази (865-925) шешек пен қызылша жұқпалы екенін жорамалдап, вариоляция тәжірибесін енгізді.

Екпелер Жаратушының жазғанына қайшы емес пе?

Саликалы халифтердің бірі Омар ибн әл-Хаттабтың (590-644) өмірбаянында бір көрнекі оқиға бар.

Омар бір топ серіктерімен бірге Шамға (қазіргі Сирия аймағындағы елді мекен) аттаныпты. Оларға кезіккен жолаушылар Шамда оба індетінің жылдам таралып жатқанын ескертіпті. Сол кезде Омардың серіктерінің пікірі екіге бөлініпті, яғни Шамға сапарды жалғастыру керек пе, әлде жоқ па? Кейбірі: «Алла Тағала пешенеңе жазғаннан қашып құтылмақшысың ба?!» деп қарсылық білдіріпті. Омар оларға: «Алла Тағала жазған тағдырдан Алла Тағала жазған тағдырға қашамыз», — деп жауап беріпті.

Усама ибн Зайда жеткізген Сүннет хадистерінің бірінде Мұхаммад пайғамбардың ﷺ қазіргі «карантин» ұғымына көзқарасын көрсететін сөздері сипатталған:

«Бір жерде жұқпалы оба ауруы болғанын естісеңдер, ол жерге бармаңдар, ал егер бір жерде жұқпалы оба ауруы шығып, сол жерде болсаңдар, оба ауруынан қашып басқа жерге кетпеңдер».



Ақпарат Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) келісілген.

Ислам және ғылым

Мәселенің мәнісін білу үшін ғалымдарға жүгіну — Ислам дәстүрінің бір бөлігі. Бұл туралы Мұхаммад пайғамбар ﷺ былай деген: «Әрбір білім саласы бойынша сол саланың мамандарынан сұрау керек» (қараңыз: «Ләтаиф әл-ишарат» 1/94) Мәлік имам.

Дәл осындай әртүрлі сала мамандарының көмегімен ислам дінбасылары «үкім» — белгілі бір мәселе бойынша шешім шығарған. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы (ҚМДБ) вакцинация тақырыбы бойынша осындай үкімдер жариялап тұрады.



Тарих ғылымдарының докторы, дінтанушы, профессор Асылбек Кәрімұлы Ізбаиров Исламның вакцинацияға көзқарасы туралы:



Исламда айтылғандай, адамға тән — «аманат» (Алланың адамға тапсырған аманаты) ретінде берілген. Ал әрбір мүміннің міндеті — тәнін күту — оның тазалығын және амандығын қамтамасыз ету.


Бұл — Исламдағы маңызды қағидалардың бірі. Соған сүйенсек, вакцинацияға қатысты ешқандай қайшылық жоқ, өйткені, ол тәнімізді қауіпті инфекциялардан қорғауға көмектеседі».



Ислам және медицина



Сендер шопансыңдар. Әркім өз отары үшін сұралады»
(Бухари)



Бұл хадис адамның қолынан келгеннің бәрін жасауы қаншалықты маңызды екенін және қол қусырып отыра беру ештеңе шешпейтінін көрсетеді.

Вакцинация — қауіпті аурулардың алдын алу әдісі. Адам ағзасына антигеннің (бөгде заттектің) қауіпсіз мөлшері енгізіледі, ол инфекциямен кездескенге дейін иммунитет қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жекелеген жағдайларда вакцина ауруды жұқтырғаннан кейін де қолданылуы мүмкін — мысалы, адам өмірін сақтап қалу үшін құтырмаға қарсы екпе.



Айнұр Өтеген — педиатр және мұсылман:



Вакциналар — балалар мен ересектерді қауіпті инфекцияларды жұқтырған кезде өлімнен және асқынулардан қорғауға көмектесетін медициналық дәрі-дәрмек. Дін атын жамылып вакцинациядан бас тартатындар ғылым мәселесінде ғана емес, дін мәселесінде де надандығын көрсетеді».

Исламда желатин қолдануға рұқсат етіле ме?

Желатин — құрамына коллаген (ақуыз) кіретін сіңірлерді, байламдарды, сүйектерді және кейбір басқа тіндерді қайнату кезінде түзілетін желе тәрізді зат. Ол көптеген салаларда қолданылады. Вакциналарда желатин тұрақтандырғыш ретінде — яғни дәрілік заттардың ұзақ сақталуын қамтамасыз етуші ретінде қолданылады.


Ислам ғалымдары балық желатинін, агар-агар — балдырлардан алынатын желатинді, жемістерден алынатын пектинді пайдалануға рұқсат етеді. Жануарлардан алынған желатинді пайдалану әлі де дау туғызады және бұл мәселе бойынша екі негізгі пікір қалыптасқан.

1. Жануарлардан алынған желатинді пайдалануға болады

Бұл ұстанымды жақтаушылар желатин өндіру кезінде «Истихалә» (түрлену) орын алатынын, яғни тыйым салынған және арам заттың таза және адал затқа айналатынын басшылыққа алады.

2. Жануарлардан алынған желатинді пайдалану — харам


Бұл ұстанымды жақтаушылар желатин өндіру барысында бастапқы заттың химиялық құрылымында толық өзгеріс болмайды, демек, түрленбейді дейді.



ҚМДБ желатинді пайдалану туралы не дейді?

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының желатинді қолдану туралы үкімі бар. Онда былай делінген:

- балықтардан, өсімдіктерден, сондай-ақ Шариғат бойынша сойылған малдың сүйектерінен, терісінен және сіңірлерінен алынған желатин – халал және пайдалануға рұқсат етілген;
- харам жануарлардан (шошқа, ит, есек және т.б.) алынған желатин харам болып саналады, өйткені, түрлену (трансформация) толық жүрмейді;
- өмір мен денсаулыққа қауіп төнген төтенше жағдайда (дарура) құрамында желатин бар дәрілік заттарды қолдануға рұқсат етіледі.



Осы үкімге сәйкес құрамында тыйым салынған заттектер бар вакциналарды басқа балама амал (мұндай заттектер жоқ вакциналар) болмағанда қолдануға рұқсат етіледі, өйткені, вакциналар адамды аурудың салдарынан қорғауға ғана емес, сонымен қатар қауіпті инфекциялардың таралуын тоқтатуға көмектеседі.



Желатин туралы
ҚМДБ үкімі



Ислам елдеріндегі және халқының көпшілігін мұсылмандар құрайтын елдердегі вакцинация

Сауд Арабия патшалығы — жыл сайын мыңдаған мұсылмандар Меккеге қажылыққа келетін ел.



Пандемияға дейін барлық қажылыққа келушілерден менингококк инфекциясына және дифтерияға қарсы екпе алғаны туралы халықаралық сертификат талап етілді.

2020 жылдан кейін талаптар ауқымы кеңейтіліп, COVID-19-ға қарсы екпе алғанының растамасы да талап етіле бастады.

Бангладеш — Оңтүстік Азиядағы мемлекет, халқының шамамен 90% — мұсылмандар. 2017 жылы Мьянма билігінің қудалауынан бас сауғалап, он мыңдаған рохинджа халқы Бангладешке қашты. Мьянмада рохинджа халқында жоспарлы иммунизация және негізгі денсаулық сақтау қызметтері болған жоқ. Бұл 2017-2018 жылдары дифтерия, қызылша және желшешек ауруларының өршуіне әкелді.

Халықаралық медициналық ұйымдар Бангладештің Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, елдің медициналық мекемелерінің көпшілігінде тырысқақ, дифтерия, қызылша және басқа да инфекцияларға қарсы жаппай егу жұмыстарын жүргізді.


2018 жылдың аяғына қарай жұқпалы аурулардың ошақтары бақылауға алынды.



Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) пандемия кезінде COVID-19-ға қарсы вакцина (Hayat-Vax немесе VeroCell вакцинасы) өндірушілердің бірі, сондай-ақ коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациямен қамту деңгейі жоғары (90%-дан астам) елдердің бірі болды.



Ауғанстан немесе Ауғанстан Ислам Әмірлігі (2021 жылдан бастап) — полиомиелит ауруы әлі де тіркелетін санаулы елдердің бірі. 2021 жылы ұзаққа созылған гуманитарлық дағдарыс салдарынан қызылша қайта өрши бастады. Ал бұл балалар мен ересектер арасында жоспарлы вакцинация жүргізілмеген жағдайда таралуы мүмкін қауіпті инфекциялардың бірі ғана.



Қазақстан Ауғанстанмен шекаралас емес, бірақ біздің ортақ көршілеріміз — Тәжікстан мен Өзбекстан бар. 2021 жылы Тәжікстанда полиомиелит таралуы тіркелді.



Ақпарат Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) келісілген.

Христиан діні вакцинацияға қалай қарайды?

Христиан дініндегі негізгі өмір қағидасы — еркіндік. Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратты, бұл ұқсастық еркіндікте көрініс табады. Бұл Құдай өзі салған жалғыз тыйымды (жақсылық пен жамандық ағашының жемістерін жемеу) бұзған Адам Ата мен Хауа Ананың еркіндігін шектемеген мысалдан көрінеді. Бұл қағида барлық мәселелерге қатысты — адам өзі шешім қабылдауға ерікті.

Бұл ретте христиан дінінде медициналық көмекке жүгінуге ешқандай тыйым жоқ, ондай көмекке вакциналарды да жатқызуға болады. Бұл 4 ғасырда өмір сүрген архиепископ және дінтанушы Ұлы Василийдің ережелерінде сипатталған.

Кейінірек, шешек өршіп тұрған кезде, 1804 жылғы Синод жарлығымен архиерейлер мен дін қызметшілеріне халыққа шешекке қарсы екпе алу пайдасын түсіндіруге кеңес берілді. Дәл сол уақытта әлгі дертке қарсы екпе салу негіздері болашақ дін қызметшілерін оқыту бағдарламасының жалпы білім беретін пәндері қатарына енгізілді.



Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Косиченко Анатолий Григорьевич:


«Христиан дініндегі адам өмірінің мәні — күнә жасалған кезде қол үзіп алған Құдаймен арадағы біртұтастықты қалпына келтіру. Яғни, христианның жер бетіндегі өмірінің басты міндеті — өз жанын құтқару, мәңгілік өмірге қол жеткізу, пейішке аттану. Адам өмірде кездесетін барлық басқа мәселелер, егер сенімі шынымен бекем болса, осы міндетке бағынады».



Православиелік христиан діні вакцинацияға қалай қарайды?

Елімізде православие Қазақстан Республикасындағы Орыс Православие Шіркеуінің (ОПШ) Митрополиттік округімен ұсынылған.

2008 жылы Синод (православие шіркеуінің жоғарғы шіркеу мекемесі) «Педиатриялық тәжірибеде вакцинация мәселелерінің алдын алу және шешім қабылдау жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Синодтың қорытынды құжатында:



Вакцинация — жұқпалы аурулардың алдын алудың мықты құралы, аталмыш аурулардың кейбірі аса қауіпті [...]» делінген.

ОПШ сонымен қатар вакцинацияға қарсы шығуды насихаттауды айыптап, монастырлар мен шіркеулерде вакцинацияға қарсы әдебиетті, аудио және бейнематериалдарды таратуға тыйым салды.

2021 жылы Сретенский дін академиясында «Вакцинация: православие дін ілімі аясындағы этикалық мәселелер» атты дөңгелек үстел өтті. Қорытынды құжатта «ОПШ адамның жаңа және жылдам дамып келе жатқан технологияларды, оның ішінде медицина саласындағы технологияларды пайдалануды немесе пайдаланбауды таңдау еркіндігін қорғау қағидаларын дәйектілікпен ұстанады» деп көрсетілген. Шіркеу өкілдері «вакцинациядан түбегейлі бас тарту православие дін іліміне байланысты болуы мүмкін деген түсінік қате болып табылады» деп ерекше атап өтті.

Басқа христиандық конфессиялардың өкілдері вакцинацияға қалай қарайды?

Католицизм

Рим-католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы болып табылады және тарихи тұрғыдан оның католиктерге жолдаулары басқа христиандық конфессиялармен салыстырғанда парыз емес, кеңес сипатына ие.

Негізінде Рим-католик шіркеуі вакцинацияға қарсы емес. 2021 жылдың басында, COVID-19 пандемиясының шарықтау шегінде, қазіргі Рим Папасы Франциск және құрметті папа Бенедикт XVI коронавирусқа қарсы вакцина алды.



Протестантизм

Протестантизмде әртүрлі одақтар мен деноминациялар кең таралған, католик шіркеуіндегі Рим Папасы сияқты жоғарғы жетекші рухани тұлға жоқ. Бұл конфессияның өкілдерінің айтуынша, ата-аналар балаларына екпе салдыру немесе салдырмау туралы шешім қабылдау құқығын беретін жеке-дара еркіндікке ие.




Ирина Шинкаренко, отбасылық дәрігер және протестант:

«Протестанттардың вакцинацияға қатысты кесімді пікірі жоқ. Біздің медицинаға қатысты отбасылық көзқарасымыз мынадай: Құдай адамға сауығу қабілетін берді және Құдай бізге ғылым берді, сонымен қатар жаңа дүниені игеріп, ғылыми жаңалықтар ашуға қабілет пен ақыл берді. Әрі ақыл мен парасатты пайдалануды өсиет етті».

Баптизм

Христиандықтың бұл тармағы протестантизмге жатады, сондықтан, баптистер арасында вакцинацияға қатысты ортақ пікір жоқ. Дегенмен, қазақстандық баптистік шіркеу өкілдерінің бір бөлігі пандемия қызған шағында COVID-19-ға қарсы белсенді түрде вакцина салдырды.



Қазақстан, көптеген басқа елдер сияқты, коронавирусқа қарсы тездетіп ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін вакцинация науқанын жүргізгенде екпені жақтаушылар Киелі кітапта және Құдайдың негізгі өсиеттерінде айтылғандарды басшылыққа алды.

Христиан дінінде Иса Мәсіх ең маңызды деп атаған екі өсиет бар:

«Құдай Иенді шын жүрегіңмен, жан-тәніңмен, бүкіл ақыл-парасатыңмен сүй.

Бұл — бірінші және ең маңызды өсиет; Екіншісі де соған ұқсас:

«Жақыныңды өзіңдей сүй».

COVID-19-ға қарсы вакцинация

2021 жылдың көктемінде Қазақстандағы көптеген конфессиялардың өкілдері дін қызметшілерінің бірлескен вакцинациясына қатысты. Олардың арасында ислам, христиан конфессияларының, «Бахаи» қауымының және т.б. өкілдері болды.



Түсік жасалған эмбрион жасушалары қолданылатын вакциналарды қайтеміз?

Тарихқа шағын шолу жасайық, себебі, осы тақырып төңірегінде көптеген дақпырт әңгіме көбейіп кетті. Мысал ретінде әлсіретілген қызамық вирусын шығару және моновакцина жасау үшін қолданылатын WI-38 (Wistar институтының атауынан) жасуша желісін, сонымен қатар аралас ҚҚП (қызылша, қызамық және паротитке қарсы) вакцинасын алайық.

1964 жылы Швеция ғалымдары жасуша желісін алу үшін түсік жасалған эмбрионды донор ретінде таңдады. Жоқ, ата-ананы түсік жасауға ешкім мәжбүрлеген жоқ. Бұл әрі қарайғы донорлыққа қатысы жоқ ерікті шешім болды. Эмбрион жасушалар өсіндісін алу үшін таңдалды, өйткені, ол ешбір онкологиялық немесе тұқым қуалайтын аурулары жоқ дені сау ата-ананың дені сау, қалыпты дамып келе жатқан ұрығы болды.

Сол эмбрионнан алынған жасушалық материал бүгінгі күнге дейін қызамыққа қарсы вакцина жасау үшін жеткілікті. Вакцина өндірісі үшін жаңа түсік жасалмайды және қажет те емес. Ал әлгі түсік биологиялық ата-ананың ғылым мен вакцинацияның міндеттеріне қатысы жоқ жеке себептері бойынша жасалған болатын.

Неге дәл осылай?

Эмбрионның жасушалық желілері ең таза (ешқандай вирустар жұқтырмаған) болып табылады және көп рет бөліне алады. Бұл факторлар бірқатар вакциналарды, атап айтқанда қызамыққа қарсы вакцинаны жасау үшін қажет.



Христиан шіркеуі түсік жасалған эмбрионның жасушалық желісі қолданылатын вакциналар туралы не дейді?

Православие және католик шіркеулері бұл мәселеде ортақ пікірді ұстанады. Олардың пікірінше, қажетті жасушалық желі алуға себепші болған күнәһар әрекеттер бірнеше ондаған жылдар бұрын жасалған және жүйелі сипатқа ие емес.

Сонымен қатар мұндай вакциналарды қолдану мыңдаған адамдардың өмірін сақтап қалды, ауыр даму ақауларының алдын алды.



Қызамық вирусы жүкті әйелдер үшін аса қауіпті. Бұл ауруды жұқтыру түсік тастауға немесе туылғаннан кейін балада ауыр патологиялар туындауына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар дінбасылар қолжетімді болса, баламалы вакциналарды қолдануға үндейді.

Қандай баламалы вакциналар бар?

Жаңа жасуша желілерінің көмегімен вакцина жасау — қиын әрі ұзақ процесс. Дегенмен, қазірдің өзінде Жапонияда қоянның жасушалық желісі негізінде жасалған қызамыққа қарсы вакцина бар. Бұл вакцинаны қолдану енді ғана басталып жатыр, ол әлі көп адамдар үшін қолжетімді емес.

Діни конфессиялар вакцинациямен қамту аясына қалай әсер ете алады?

1966 жылы Нью-Йорк штатында бірінші сыныпқа баратын барлық балаларға полиомиелитке қарсы екпе егуді талап ететін заң қабылданды. Бірақ сол заңда «егер ұстанатын діні екпе егуге тыйым салса, онда сондай діндегі ата-аналар балаларына екпе салдырмайды» деген ереже болды.

Заңның осы түрде қабылдануына АҚШ-тағы ең беделді діни бірлестіктердің бірі — Христиан ғылымы шіркеуі ықпал етті. Бұл басқа штаттар үшін де прецедент болды.

Заң шығарушылардың бірі, қарсы дауыс берген Джозеф Мариготта кейін былай деді:

«Ал егер ата-анасы екпеден бас тартқан бала полиомиелит тасымалдаушысы болып шықса ше?».

Бұл сөздер сәуегейлік болып шықты.



1972 жыл: Гринвич қаласындағы Христиан ғылымы мектебінде (Коннектикут штаты) полиомиелит індеті басталып, 11 бала сал болып қалды.

Індет өршіген кезге дейін үш жыл бойы Коннектикут штатында бірде-бір полиомиелит жұқтыру жайты тіркелмеді.

Бұл Христиан ғылымы шіркеуінің жақтастары арасында жұқпалы аурулар өршіген жалғыз жайт болған жоқ.

1982 жыл: тоғыз жасар қыз дифтериядан қайтыс болды.

1985 жыл: Миссури штатындағы Принсипиа-колледжінің үш студенті қызылшадан қайтыс болды.

1994 жылға дейін осы діни қауымдастықтың оқу орындарында тағы 4 рет қызылша індеті тіркелді.

Сол арада қызылшаға, полиомиелитке және дифтерияға қарсы вакциналар жасалып, тіркелгеніне 20 жылдан астам уақыт өтті.

Ақпарат Пол Оффиттің «Өлімге жетелейтін таңдау» кітабының, CORPUS баспасы, материалдары бойынша әзірленді



Яһудилер вакцинацияға қалай қарайды?

Яһудиліктің (иудаизм) Пикуах нефеш қағидасының басты өсиеті адам өмірін (өзінің немесе өзгенің өмірін) құтқару кез-келген басқа діни себептерден басым түсетінін айтады. Адамның өміріне қауіп төнгенде Тәураттың кез-келген дерлік тыйым салатын өсиеті қолданылмайды.

Діни қайраткерлер шешек індеті кең етек жайғанда осы қағиданы ұстанып, оған қарсы екпе жасауға ынталандырды.

Көрнекті еврей философы, раввин, дәрігер және ғалым, Тәурат заңдарының кодификаторы Маймонид (1135-1204):



Өмірді құтқара алатын, бірақ соны жасай алмайтын кез-келген адам: «Көршілеріңнің қанынан шалғайда тұрмауларың тиіс» деген қағиданы бұзады» деген.



Желатин яһуди ережелері бойынша адал ма?


Яһудилікте шошқа еті, сондай-ақ түйе еті кошер (адал) ас болып саналмайды және оларға тыйым салынады. Бұл рұқсат етілген және тыйым салынған ас туралы «Кашрут» заңдар жинағымен реттеледі. Сиыр желатині, Исламдағыдай, рұқсат етілген болып саналады.



Дегенмен, вакцина өндірісі үшін қолданылатын кез-келген желатинді тағамдық желатинмен салыстыруға болмайды. Фармөндірісте пептидтерге, яғни ұсақ молекулаларға ыдыратылатын, жоғары дәрежеде тазартылатын желатин қолданылады.

Ең бастысы — адам ағзасына ауыз арқылы кірмегеннің барлығы кашрутқа жатпайды және кошер (адал) болып саналады.

Бұған мысал ретінде вакцинацияны және инфузиялық терапияны жатқызуға болады.



Буддизм вакцинация қағидаларына қалай қарайды?

Буддизм — біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында ежелгі Үндістанда пайда болған діни-философиялық ілім. Ол өмір біртұтас және өмірдің барлық түрлері өзара байланысты, ортақ мәнге ие деген тұжырымға негізделген.


Буддизмде осы ілімнің негізінде жатқан 5 қасиетті өсиет (Панчашила) бар.

Олар бірқатар әрекеттерге тыйым салады:

- адамдар мен жануарлардың өмірін қию;
- ұрлық;
- зинақорлық;
- өтірік айту, тіл тигізу және балағаттау;
- мастыққа шалдықтыратын заттарды қолдану (алкоголь, есірткі және т.б.).



Пали канонында (пали тіліндегі киелі буддистік мәтіндер жинағы) бес қасиетті өсиеттің біріншісі — «Өлтірме» — бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін — вегетариандықтан бастап түсік жасатуға, эвтаназияға дейінгі тақырыптарды қозғайды. Онда былай деп жазылған: «Panatipata veramani sikkhapadam samadiyami», яғни «Мен өмірді қиюдан аулақ болу ережесін өзіме міндет етіп жүктеймін». Бұл тынысы мен санасы бар кез-келген тіршілік иесіне қатысты.



Махаяна сутралары жинағында бірінші өсиет келесідей түсіндіріледі:



Будданың шәкірті өзін өлтірмеуі, өзгелерді өлтіруге итермелемеуі, қолайлы құралдармен өлтірмеуі, өлтіруді дәріптемеу, өлтірудің куәсі болғанына қуанбауы немесе дуа жасау не ауытқыған мантралар арқылы өлтірмеуі тиіс. Ол өлтіру үшін себептер, жағдайлар, әдістер немесе карма жасамауы тиіс және ешбір тірі жанды қасақана өлтірмеуі тиіс».

Вакцинация қағидаларының бірі екпе алатын адамды ғана емес, айналадағыларды да ықтимал ауру жұқтырудан, асқынулардан және өлімнен қорғау болып табылады.


Аюрведа екпелерге қалай қарайды?

Аюрведа — 4000 жылдан астам бұрын пайда болған Үндістанның дәстүрлі медицина жүйесі. Оның негізін сырқат тәннің өмірлік күші (прана) тепе-теңдіктен айырылуынан туындайды деген теория құрайды. Аюрведаның міндеті — ағзадағы тепе-теңдікті қалпына келтіру.

Йога, Үндістаннан шыққан діни-философиялық ілім (дененің икемділігін жақсартуға арналған жаттығулар жиынтығы ғана емес), ағзадағы тепе-теңдікті қалпына келтіру үшін жиі аюрведамен бірге қолданылады.

Йога мен аюрведа жақтастарының арасында вакцинацияға қарсы шығушыларды жиі кездестіруге болады, алайда, бұған тарихи және практикалық алғышарттар жоқ.

Вариоляцияның толық сипаттамасы ежелгі үнді мәтіндерінде — брахмандар мен дәрігерлердің баяндамаларында кездеседі. Қазіргі заманғы ғалымдардың пікірінше, бұл тәжірибе Үндістанда 17 ғасырға дейін кең таралған, сол жерден Қытайға енуі бек мүмкін.




Аюрведа, йога және вакцинация қазіргі әлемде

21 маусым — Дүниежүзілік йога күні. Йоганың баршаға мәлім астанасы — Ганга жағасындағы Гималай тауларының етегіндегі Ришикеш қаласы.

Бұл қалада ежелгі үнді тәжірибелерінің гурулары дәріс беретін көптеген ғибадатханалар (ашрамдар) бар.

2021 жылдың 21 маусымында, COVID-19 пандемиясының шарықтау шегінде, карантин жарияланған 2020 жылды қоспағанда, Ришикеште Йога күнін атап өтуге ең аз адам саны қатысты. БАҚ мәліметтері бойынша барлық қатысушылардың басты мәселелерінің бірі вакцинация болған. Йога гуруларының көпшілігі вакцинация йога қағидаларына қайшы келмейді, сонымен қатар «йога — аюрведа — вакцина» формуласы коронавирусты жеңуге көмектеседі деген қорытындыға келді.

Табиғи иммунитет қауіпті инфекцияларды қалай жеңе алатыны және вакциналарға қатысты дақпырт әңгімелер туралы толығырақ egu.kz сайтынан қараңыз



Халық емшілігі, дін және қазіргі ғылым өзара қалай үйлеседі?

Көптеген мәдениеттердің — ислам, христиан және басқалардың — дәстүрінде халық емшілеріне маңызды орын берілді. Олар әдетте Құдай сөзімен емдейді, дұға оқиды, кейде шөптер сияқты қарапайым әдістерге жүгінеді. Мұндай жағдайларда қателеспеу, көмек көрсетемін деп зиян келтіруі мүмкін адамға жүгінбеу өте маңызды.



Тарих ғылымдарының докторы, дінтанушы, профессор Асылбек Кәрімұлы Ізбаиров:



Емші Алланың алдында жауапты, мұнда үш жақты жауапкершілік болуы тиіс — емдеушінің, емделушінің, әрі ең бастысы, емдеу әдістерінің қаншалықты мақұлданғанын немесе тыйым салынғанын дін тұрғысынан тексеру керек. Бұл жерде Құраннан рухия оқитын емшімен салыстыру жүргізуге болады — бұған Исламда рұқсат етілген. Бірақ егер емші алдымен Құранды оқып, содан кейін карталарды жайып жіберіп, тағдырды болжауға тырысса, бұл Исламда үлкен күнә болып саналады. Ал егер мұндай көз бояушыға сенсең, онда діннен шықтың. Дәл осындай мысалдарға көгершіннің қанымен емдеу және дәстүрлі Исламда сипатталмаған өзге осы іспеттес әдістермен емдеу жатады».

Православиелік христиан дінінде де емшілерге қатысты ұқсас көзқарас қалыптасқан: егер дұғаларды оқығаннан кейін адам карта жайып жіберсе немесе бір нәрседен дуа жасау үшін дұғалар оқыса, онда бұл үлкен күнә болып саналады және ондайды православие шіркеуі қатаң айыптайды.

Мемлекет шеңберінде діндердің жауапкершілігі қалай қадағаланады?

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайды, әркімнің діни нанымна қарамастан тең құқылы болуына кепілдік береді» делінген.


Осы Заңның 8-тармағына сәйкес мемлекет тұрғындарына ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына және балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды» қоспағанда, араласпайды.



Діндер мен ұжымдық иммунитет өзара байланысты ма?

Вакцинация көмегімен ұжымдық иммунитет қалыптастыру — қауіпті жұқпалы аурулардан қорғану ғана емес, сонымен қатар екпе ала алмайтын немесе алып үлгермеген адамдарға мейірімділік таныту.

2019 жылы, Қазақстанда соңғы 15 жылдағы ең ауқымды қызылша індеті кезінде, ауру жұқтырғандардың шамамен **25% бір жасқа дейінгі балалар болды**. Қызылшаға, қызамыққа және паротитке (ҚҚП) қарсы вакцина 12 айлық жаста жасалады, ал әлгі нәрестелер оны алып үлгермеген. Сондай-ақ қызылша ауруын жұқтырғандар мен қызылша салдарынан қайтыс болғандар арасында қатерлі ісікке шалдыққан балалар да болды. Мұндай диагноздың болуы — ҚҚП вакцинасын алуға аздаған қарсы көрсетілімдердің бірі.



Христиан дінінде біз бұрынырақта жазған Иса Мәсіх ең маңызды деп атаған екі өсиет бар. Құдайға деген сүйіспеншілік туралы бірінші өсиет христиандардың философиясы мен өмірлік мақсатын көрсетеді, екіншісі — жақындарымызға деген сүйіспеншілік пен мейірімділік.

«Жақыныңды өзіңдей сүй».

Исламда мейірім туралы Мұхаммад пайғамбар ﷺ былай деген:

«Жер бетіндегілердің барлығына мейірімділік жаса, сонда Көктегі сені шексіз рақымына бөлейді»
(хадис Ибн Масғудтан)

Дін мен ғылым — дегенмен қайшылық бар ма?

Көрнекті ғалымдар мен дәрігерлер сан ғасырлар бойы дәлелдеп келе жатыр, дінге берік адам бола тұрып, ғылымның дамуына да үлес қосуға болады. Мұнда, егер бәрі жақынымызды құтқару үшін және Құдайдың ұлылығы үшін жасалса, ешқандай қайшылық жоқ.



Пантелеймон (275-305) — Византия империясы тұсында өмір сүрген христиан әулиесі, православие және католик шіркеулерінде ерекше қастерленетін емші және дәрігер. Христиандық ерліктерімен және шейіттігімен қатар ол барлық мұқтаж жандарды тегін емдегенімен танымал.



Әбу Бәкір әр-Рази (865-925) — парсы ғалымы, энциклопедист, дәрігер, алхимик және философ. Оның көптеген еңбектері латын тіліне аударылған, Еуропада Разес және Аубатер есімдерімен танымал. Көптеген жаңалықтарының ішінде ол шешек пен қызылшаның жұқпалы сипатқа ие екенін болжап, вариоляция тәжірибесін енгізген.



Ибн Сина немесе Авиценна (980-1037) — парсы ғалымы және философы, ортағасырлық Ислам әлеміндегі ең танымал және ықпалды тұлға. Оның «Медицина каноны» атты медициналық энциклопедиясы көптеген университеттерде зерттеліп, 1650 жылға дейін (Авиценна қайтыс болғаннан кейін 5 ғасырдан астам уақыт бойы) қолданылды.



Маймонид (1135-1204) — артында медицина, астрономия, физика және математика салаларында еңбектерін қалдырған еврей философы және дінтанушы-талмудист, раввин, дәрігер және өз дәуірінің жан-жақты ғалымы. Дәрігерлік тәжірибесінде мұсылман медицина мектебінің жолын қуушы болған және өзінің медициналық еңбектерін араб тілінде жазған.



Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1388-1478) — қазақ ғалымы, емші және «Шипагерлік баян» атты іргелі емдік-этнографиялық еңбектің авторы. Ол Қазақстанда бірінші болып шешекке қарсы вакцина жасады.



Джозеф Мюррей (1919 жылы туған) — бірінші болып адам бүйрегін ауыстыру отасын жасаған америкалық хирург. 1990 жылы физиология және медицина бойынша Нобель сыйлығына ие болды. Қазіргі трансплантологияның негізін салушылардың бірі ретінде танылған. «National Catholic Register» журналына берген сұхбатынан: «Ақиқаттың бір түрі — шындық ақиқаты; екінші түрі — ғылыми ақиқат. Жаратылыстың игілігіне шын сенсеңіз, ғылыммен айналысудың еш айыбы жоқ. Жаратылыс туралы көбірек білген сайын, Құдайды көбірек мадақтаймыз. Өз басым ғылым мен діннің қайшылығын көрген емеспін».




Ту Юю (1930 жылы туған) — Қытай фармакологы және дәстүрлі қытай медицинасы маманы. Ол 2015 жылы безгекке қарсы дәрілік құралдарға негіз болған артемизининді ашқаны үшін физиология және медицина бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанды.



Азиз Санджар (1946 жылы туған) — түрік және америкалық биохимик. Ол 2015 жылы химия бойынша Нобель сыйлығын Томас Линдальмен және Пол Модричпен «ДНҚ қалпына келтіру механизмдерін зерттегені үшін» бөлісті.



Nature's 10: әлемдегі ең беделді «Nature» ғылыми журналының редакциясы 2020 жылы ғылымға ең көп ықпал еткен он адамның тізімін жасады. Олардың арасында индонезиялық зерттеуші Ади Утарини болды. Ол командасымен бірге ауру қоздырғышы болып табылатын масалардан қорғанудың жаңа әдісін қолдану арқылы денге безгегімен күресте үлкен жеңіске жетті.



COVID-19 пандемиясы кезінде есімдері танымал болған тағы екі ғалым. **Угур Шахин** жұбайы **Өзлем Тюречимен** (екеуі де Германияға қоныс аударған түрік иммигранттары отбасынан шыққан) бірге BioNTech компаниясын құрып, алпауыт Pfizer компаниясымен бірге коронавирусқа қарсы тіркелген алғашқы мРНҚ вакцинасын жасады. Алайда, 2019 жылы-ақ Шахин Ислам ынтымақтастығы ұйымының екі жыл сайын мұсылман зерттеушілер мен ғалымдарға берілетін беделді «Мұстафа» сыйлығын алғанын бәрі біле бермейді. Ғалым қатерлі ісікке қарсы мРНҚ вакцинасын жасағаны және әлемде бірінші болып клиникалық сынақтар жүргізгені үшін аталмыш сыйлықтың лауреаты атанды.

Екпелер күнтізбесі не үшін қажет?

Осы ақпараттық брошюрада біз Қазақстанның Ұлттық екпелер күнтізбесіне кіретін вакциналар — олар не үшін қолданылатыны және қандай инфекциялардан қорғайтыны туралы айтамыз. Біз сондай-ақ екпелерге қатысты ең көп таралған дақпырт әңгімелер мен сұрақтарды талдаймыз.



Бала кесте бойынша қажетті екпелерді алмаса, не істеу керек?

Egu.kz сайтындағы «Кестені қуып жету» парақшасын пайдалануға болады. Есесін толтырушы вакцинация алгоритмі «Халыққа профилактикалық егуді жүргізу туралы» 2018 жылғы 13 маусымдағы №361 бұйрық негізінде құрастырылған.



Вакцинацияға қарсы көрсетілімдер болса, не істеу керек?

Екпелерге қарсы көрсетілімдер болуы мүмкін, бірақ, олар сіздер ойлағандай көп емес. Осы брошюрада біз қарсы көрсетілімдердің барлық түрлерін (тұрақты және уақытша, жалпы және жеке, шынайы және жалған), сондай-ақ негізгі қатер топтарындағы қарсы көрсетілімдердің мысалдарын талдадық.



Манту — сынама ма, әлде екпе ме?

Манту — туберкулиндік сынама, баланың ағзасында туберкулез микобактериясының бар-жоғын анықтау үшін қолданылады. Манту сынамасы 80 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқанына қарамастан, оның айналасында көптеген дақпырт әңгімелер мен сұрақтар әлі де бар.

Біз оларды egu.kz сайтындағы «Манту және АТР сынамалары не үшін қажет және оларды қалай анықтауға болады» парақшасында талдадық.



Дереккөздер және басқа да пайдалы ақпарат

«Халыққа профилактикалық егуді жүргізу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 13 маусымдағы № 361 бұйрық

«Профилактикалық екпелерді жүргізуге медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы № ҚР ДСМ-146/2020 бұйрығы

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы

gov.kz — «Қазақстан Республикасының аумағындағы діни бірлестіктер туралы» парақшасы

egu.kz — вакциналар және олар тосқауыл болатын инфекциялар, сондай-ақ даңпырт әңгімелер, вакциналардың құрамы және т.б. туралы ақпараттық ресурс

<https://www.muftyat.kz/> — Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресми сайты

<https://mitropolia.kz/> — Қазақстан Республикасындағы Митрополиттік округ

vlast.kz/vaccination — Қазақстандағы вакцинация туралы «Екпе» жобасы

<https://ekpebar.baribar.kz> — Қазақстандағы вакцинация тарихы туралы жоба

unicef.org/kazakhstan — Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) сайты

<https://www.1001inventions.com/> — мұсылман ғылымының алтын ғасыры туралы ғылыми-көпшілік жоба

<https://vaccina.info/islam> — Ислам және вакцинация

<https://mustafaprizе.org/> — екі жыл сайын мұсылман зерттеушілер мен ғалымдарға берілетін Ислам ынтымақтастығы ұйымы марапатының сайты

<https://www.corpus.ru/products/pol-offit-smertelno-opasnyj-vybor-new.htm> — «Өлімге жетелейтін таңдау» кітабы, Пол Оффит

<https://www.nature.com/immersive/d41586-020-03435-6/index.html> — 2020 жылы ғылым үшін ең маңызды он адам

<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5141457/> — Religious exception for vaccination or religious excuses for avoiding vaccination (Вакцинациядан діни себептермен босату немесе вакцинациядан бас тарту үшін діни сылтау іздеу)

Ақпаратты дайындауға көмек көрсеткені үшін алғыс білдіреміз:

тарих ғылымдарының докторы, дінтанушы және профессор
Асылбек Кәрімұлы Ізбаиров;
доктор Лейб Лев Полин;
философия ғылымдарының докторы, дінтанушы және
профессор Косиченко Анатолий Григорьевич;
ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетінің «Философия, саясаттану
және дінтану институты» ШЖҚ РМК әкімшілігі.

Фотолардың дереккөздері : dn.kz, instagram.com, ruskline.ru



Брошюрамен жұмыс істегендер:

Инесса Цой-Шлапак және Әсел Мұсабекова — орыс тіліндегі мәтін;
Анар Бүркітбаева — дизайн және иллюстрация;
Екатерина Алиева — орыс тіліндегі нұсқаның әдеби редакторы;
Айнұр Өтеген — қазақ тіліндегі нұсқаның ғылыми редакторы;
Ляйля Қыдырова — қазақ тіліндегі нұсқаның әдеби редакторы.

Қазан 2022



әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка

ЮНИСЕФ Қазақстан

Бізге жазылыңыздар:

-  UNICEFKazakhstan
-  @unicefkaz
-  @unicefkazakhstan
-  unicef.org/kazakhstan/